

КЭДДИН



СӘБЕН

мемлекеттің тәннегі Мұнайсұлтан атынан
алғашкы мемлекеттік мұнай магистралесін
жүзеге айналдыруда оның мемлекеттік мәнін
ақындардың жарыстауда да көрсетілді.
Анаренде Арина Абділова мемлекеттік мұнай магистралесін
жүзеге айналдыруда оның мемлекеттік мәнін
ақындардың жарыстауда да көрсетілді.

КӘДІМГІ СӘБЕН

СӘБИТ МҰҚАНОВҚА АРНАЛҒАН ЖЫРЛАР

1940 – 2005

Алматы
«Дәуір»
2008

80 (20) 00



ББК 83. 3 (5 Қаз)

К 24

Алматы қаласының Мәдениет басқармасы
С. Мұқанов пен F. Мұсіреповтің мемлекеттік
әдеби-мемориалдық мұражай кешені

Құрастырған, алғы сөзін жазған әрі
жауапты редакторы Әділгазы ҚАЙЫРБЕКОВ

Кәдімгі Сәбен. С. Мұқановқа арналған жырлар.
Құраст. Э. Қайырбеков. – Алматы. ЖШС РПБК
«Дәуір», 2008, – 192 б.

ISBN 978-601-217-045-0

Қазак әдебиетінің класигі, академик-жазушы Сабит
Мұқановтың асыл бейнесі оның өмірі мен шығармашылығына
тәнті болған замандас жыр жүйріктерінің, қарапайым
окырмандарының арнау өлеңдерінен де көрініс тапқан. Жинаққа
топтастырылған өлеңдер әр жылдарда, әр кезеңдерде жазылған.
Уақыттың табы, заманның лебі, мезгілдің бояуы бар.

45739

ББК 83. 3 (5 Қаз)

4603020000
К -----
00 (05)-08

ISBN 978-601-217-045-0

математика
«Физика»
8005 @Кәдімгі Сәбен, 2008

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУҚАНОВА
г. Петропавловск

СӘЛЕМ СӨЗ

Ак жаңылар жарысқа көнінде 1946-1949 жылдарда
жазған үшінші шының да мемлекеттік салынуда
жазған үшінші шының да мемлекеттік салынуда

Қазақ поэзиясында арнау өлеңдердің де алатын өз орны бар. Арнау өлеңдердің сонау көне түрік сарындарынан тамыр тартатынын бағамдай отырып, XY-XIX ғасырлардағы қазақ халық лирикасы, жыраулар поэзиясы тұстастай алып қарағанда арнау өлеңдердің асыл-ақықтарына тұнып тұрғанын аңғарамыз. Арнау өлеңдердің аудиетінен де, кейінгі жазба әдебиетінен де молынан ұшырастырамыз. Арнау өлеңдерді Байрон да, Пушкин де жазған, Абай да, Мағжан да жазған. Арнаудың арнасы кең. Арнау өлең жазбаған ақын бар ма екен...

Қазақ поэзиясында жеке тұлғаларға өлең арнау дәстүрі XX ғасырда да кең көрініс тапты, XXI ғасырда да жалғасты болуда.

Өмір баки шумак-шумак жыр шашуға оранған алыптардың бірі – қазақ әдебиетінің классигі, академик-жазушы Сәбит Мұқанов еді. 50-60-70 жылдық мерейтойларында ол арнау өлеңдердің өз кулағымен естіп, өз көзімен оқып, жылы сөзге жаңы жадыраса, 80-90-100 жылдық мерейтойларында оқылған арнау жырлар оның рухына бағышталды. ЮНЕСКО шешімімен ұлықталған 100 жылдық мерейтойына арнайы мүшәйра да өткізді.

М.Әуезов 1946 жылы «Жолы кең жазушы» деп мақала жазғанда Сәбен әлі елуғе де толмаған екен-ау. Өзі «Жол таптым бар қазақтың жүргегіне!» деп қалай батыл айтқан! Шынында да өз халқының шын ықыласына бөлениген азаматқа ғана жырдан ағыл-тегіл алғыс-рахмет жауса керек.

XX ғасырда ең көп оқылған жазушы, қазақ қауымына кең танылған, әрбір оқушы, малшы, механизатор, мұғалім, дәрігер, инженерлердің сырласы болған, мұндасы болған жазушы Сәбен – Сәбит Мұқанов едіғой. Сондықтан оған хат таныған бүлдіршіннен бастап, аныз-абыз қарияларға дейін жыр арнаған. Қатарлас, қаламdas, қанаттас ақын аға-інілере де халқының сүйіспеншілігіне бөлениген жазушыға деген ыстық ықылас-құрметтерін жырмен өрнектеп жеткізуге жарыса атсалысқан.

Қазақ жазба поэзиясындағы арнау өлеңдердің табиғаты күрделі, алуан қырлы. Қебіне ақындар өлең арнаған адамымен сырласуға, ой-арманын белісуге, тіпті, іштегі шер-мұңзын жеткізуге де ұмтылатынын байқаймыз. Сәбит Мұқанов өзі де ақын, жазушы болғандықтан, оған өлең арнауышы ақынға қойылар талап та жоғары

болмақ. Дегенмен, арнау өлеңдердің бәрі бірдей інжу-маржан деуден аулақпыш. Рас, арнау өлеңдердің бәрінің басын жинақтап, іріктең, сұрыптап ұсынғандығы мақсат, осы туындылардың өзін салыстыра қарап, сана сүзгісінен откізіп, Сәбенің сом тұлғасын жасауға қаншалықты септігі тиіп тұрғанын оқырманның өзі аныктар деген ой.

Бір көңіл аудараптық жайт, өлең арнаушы ақындар Сәбит Мұқановқа деген ізет пен ілтипатын алуан түрлі тақырыптық, мазмұндық, түрлік ізденістер арқылы жеткізеді. С.Мұқановтың адамгершілік, шығармашылық ғұмырбаянының іздері айқындала түседі. Мінез қырлары, кісілік болмысы ашила түседі.

Зерттеушілер арнау өлеңдердің сынар диалог екендігіне жиі назар аудартады. Егер өзіне арнаған әрбір өлеңге Сәбен де өлеңмен жауап қатып отырса, қалай болар еді?! Әлемде тенденсі жок айтыс өнеріміздің бастауы сол сұрақ-жауап түріндегі өлеңмен тіл қатысуғой! Кезінде Ахмет Байтұрсынұлының арнау өлеңдерді – сұрай арнау, зарлай арнау, жарлай арнау – деп үшке бөлуі бекер емес.

Казіргі казак поэзиясында арнау өлеңдердің небір үздік ұлгілері бар. Соның табигатын тану, гибрат тұту, рухани ләззат алу да бір ғанибет.

Ғабит Мұсіреповтің сөзімен айтқанда: «Жазушы Сәбит Мұқановтың колынан туган еңбектер өз алдына бір энциклопедия». Ал сондай құрделі де кесек тұлғаның бейнесін ақындар жырмен қалай сомдап шыққанына осы арнау өлеңдер жинағын оқып шығып баға берерсіз, ойлы оқырман!

Әділғазы ҚАЙЫРБЕКОВ,

С.Мұқанов пен F.Мұсіреповтің мемлекеттік

әдеби-мемориалдық мұражай кешенінің директоры, науқармандық мемориалдық мұражай кешенінің директоры,

филология ғылымдарының кандидаты.

1940 - 1949

Қасым АМАНЖОЛОВ

СӘБИТКЕ

Ішімде жанар таудай жатыр жырым,
 Ұшқындал, іште қайнап, сұрапылым,
 Көрерсіз соның бүркәп атылғанын,
 Жаңғыртып жан түкпірін, ойдың шыңын.
 Өлеңнің қаптатармын отты селін,
 Толассыз топанындай ертегінің.
 Білерсіз кім екенін сонда, Сәке,
 Бұл күнде от шайнаған тентек інің.

1942 ж.

АҚЫНДАР БЕСЖЫЛДЫҒЫ

(Достық әзіл)

“Сұлушаш” қашты шошып “Ақ аюдан”,
 Сәкен жоқ қашқан қызды сонынан қуған.
 Сырласып Аскар, Темір, Балуанмен,
 Сәкенің жүрген жері күнде думан.
 “Сөз – советтік Армия” салын құрган,
 “Біздің заман батыры” мына тұрган.
 “Еслдей” есіп жатқан көнілі бар,
 Сәкене өкпелейтін “қай антүрган?”

1945 ж.

Есенбі ОМАРОВ

СӘБИТКЕ

Оқысам тәтті жырың көнілім тасып,
 Самалдай шалықтаймын белден асып.
 Кешегі жалшы Сәбит, қойшы Сәбит,
 Бүгін жүр нұрлы өмірде алшаң басып.

Халықтың бұлбұл ұлы, ақын аға,
Тағы да шарықтай түс қанат қаға.
Советтік поэзия мұрасы боп,
Әлі де тұа берсін жырлар жаңа.

1947 ж.

Сабенінің сөз түсасын жасады 1947 ж. 1947 ж. 1947 ж.

Бір көңілдік мәдениеттің орталық мәдениеттер

Сабет Мұкашев - 1950-жылдан берінде аудау жүргізіледі.

Жақан СЫЗДЫҚОВ

жастайлесінің шығындағы 1950-жылдан берінде аудау жүргізіледі.

Гүмірбаянов - 1950-жылдан берінде аудау жүргізіледі.

СӘБИТКЕ

Елу жыл келді елеңдеп, 1950-жылдан берінде аудау жүргізіледі.

Қырауын қара, сакалдың. 1950-жылдан берінде аудау жүргізіледі.

Уміт етіп сенен көп 1950-жылдан берінде аудау жүргізіледі.

“Кәдімгі Сәбит” атандың. 1950-жылдан берінде аудау жүргізіледі.

Бекет Мұкашев - 1950-жылдан берінде аудау жүргізіледі.

Тұлғасымен ұштасып 1950-жылдан берінде аудау жүргізіледі.

Сабет Мұкашев - 1950-жылдан берінде аудау жүргізіледі.

Ақтарып алтын сырынды, 1950-жылдан берінде аудау жүргізіледі.

“Басылсын!” – деді Сталин! 1950-жылдан берінде аудау жүргізіледі.

Жылжыды жылдар, зырлады ай, 1950-жылдан берінде аудау жүргізіледі.

Келіп те қалдың елуге. 1950-жылдан берінде аудау жүргізіледі.

“Шашың – январь, көnlің – май” 1950-жылдан берінде аудау жүргізіледі.

Кәдімгі Сәбит елуде. 1950-жылдан берінде аудау жүргізіледі.

Бер, қолынды тағы да 1950-жылдан берінде аудау жүргізіледі.

Білдірдік достық көnlіді. 1950-жылдан берінде аудау жүргізіледі.

Елдің жасап бағына 1950-жылдан берінде аудау жүргізіледі.

Бақытты бол, өмірлі! 1950-жылдан берінде аудау жүргізіледі.

Габбас ЖҰМАБАЕВ

СӘБИТ АҒАЙФА

Жас, албырт жүргімді шаттық кернеп,
Алдына асқақ жыршы келдім, ага.

Тапсырды Сізге айрықша сәлем бер деп,
Алтын Арқа, бақытты қала, дала.

Мұхиттай терең ойдың арнасына,
Бұлақ боп осы азғантай ақсын жырым.
Мәңгі өшпес қасиетті Парнасыңа
Үздіксіз бақыт күні төккен нұрын.

Шығандап шыңға өрлеп шықсын данқын,
Адам жанын тебірентіп сөзің асыл.
Сені де хұрметтейді туған халқын,
Мадақтап еске алады талай ғасыр.

Қызыл туға бөленген енбегінің
Женісі жылдан-жылға тассын шалқып.
Қасиетті керуені келер күннің
Тың жолмен алға тартсын жырынды артып.

1950 ж.

Қасым АМАНЖОЛОВ

* * *

Тындаңыздар, артқы іні, алғы аға;
Женгейлерден жырым бүгін, ал баға.
Арналады жүргегімнің бұл күйі,
Мұканова Сәбитовна Жаннаға.

Кіп-кішкене балапаны Сәкеннің,
Шақырыпсың тойына сен әкеннің,
Түсінемін бақытынды, қарагым,
Қолда барым – осы өлеңді әкелдім.

Сәкен, Мәкен арасында өскен гүл,
Саған лебін тигіzsін де дос көніл,

Жайқалғын, өс, жақсы әкенің үрпагы,
Сақтап, жаттап, жыр қуатын өс те біл.

Бұл ағанның аз сыйлығын мол сана,
Мол сыйлықтар үйлеріне толса да;
Келші, достар, алшы тосты, ішелік,
Жанна алдында ұттырақ болса да.

1950 ж.

Сыrbай МӘУЛЕНОВ

СӘБІТКЕ

Ертеп мініп елуді,

Жұзге тартып жөнелдін.

Жырмен тербеп елінді,

Махаббатқа бөлендін.

Қар жамылған шындардай

Көріскенде жұзбенен.

Жиырма бесте тұргандай

Бірге аттарсыз бізбенен.

Сол күндерге айнымай,

Жас қалпында жетерсін.

Өленді кен жанындаі

Елге тарту етерсін!

1950 ж.

Мәриям ХАКІМЖАНОВА

АҚЫНҒА

Ой қеудесін серпіп,

Шындық шырқап жөнелді.

Күй сандығын шертіп,

Куанышқа кенелді.

Салмағы бар сөздерім,

Таразыға тартылып.

Қатарынан өзгениң
Кетпесе де артылып.

Канен Ақын аға атыңа,
Ұсынылды жүректен.
Еңбек еттің халқыңа,
Адал, әділ жүрекпен.

Арасы Арды туғып қолыңа,
Корд Антпен жуып ұстадың.

Алан Коммунизм жолына
Алазын Барды жайып таstadtың.

Толқынды ұлы Тобылдың
Куанды Толқынында жыр төккен.

Тартысында өмірдің
Талай асу жолды өткен.

Озбек Октябрьдің таңынан
Кадын Куат алдың, от алдың.

Жарқ етіп, жалшы табынан,
Коммунист, ақын атандың.

Дүшпандарды тілінмен
Найзалаңдың, түйредің.

Советтік сара жырынмен,
Сан жасты алға сүйредің.

Сыбын Басшы болып сол көпке.
Атаң Ақындық туын көтердің.

Еңбегің кетпес құр текке,
Халық сенімін өтедің.

Сондықтан да халық сени,
Ақынның деп мәпеледі,

Елу жылдық мерекенді
Атап өтті совет елі.

1951 ж.

Әбу СӘРСЕНБАЕВ
КӨКТЕМГІ ТАСҚЫН

Жел, дүлей жел, ажылдап дем алады,
Буырқанып бұлт қанатын қағады.
Кекжал толқын күрсінеді дөнбекшіп,
Құлайды да теуіп биік жағаны.

Кейде жарды үнгиді де етектеп,
Женеледі үйдей сеніді жетектеп.
Шуылдайды кейде аспанга шаншила
Төмен шөккен бұлтты мұзбен кесектеп.

Ойпаң тұсты омырып та барады,
Сел қаптаған ағыл-тегіл даланы.
Құрау, құрау, құла бие, құлыншақ!
Қайда өздері? Сен баспаса жарады!

Бұлт пен толқын кетердей-ақ тоғысып,
Күтірлейді сен толқында соғысып.
Ақын аға, жылқы іздеген жалғызды
Кетпегей тек көктем селі тоғытып.

Кешір, аға, кен тынысты әрқашан,
“Есілінді” жөн болар ед жалғасан.
Алғыстар ек, әдемі бір дастанды
Жаңа келген жас құштерге арнасан!

Жел, дүлей жел, бұлт жыртылып көктегі,
Мұз шатырлап мөнкіді апайтөстегі.
Түптен терен сапырылған қатерлі
Есілден біз тұрмыз қазір өткелі.

1954-1958 ж.ж.

1960 - 1969

Кенен ЭЗІРБАЕВ

СӘБИТКЕ

Келдін бе, Сәбит, Мария, есен-аман?

Тілектес болып жаттық біз де саған.

Аралап жердің жүзін саяхаттап,

Көрдіңдер талай қала, талай адам.

Аман ба, бала-шага, аймақтарын,

Кілегей сүт бетінде қаймақтарын.

Асылып мойнына, ата-аналап,

Куанып бота көзін – тайлактарын.

Ұшады акку, қаздар көлін ансан,

Желеді тұлпар тұған жерін аңсан.

Өз үйін ұшқан ұя, қандай қызық,

Келгенде алыс жолдан арып-шаршап.

Хат-хабар ала алмадық ала жаздай,

Қалайша болды еken деп, сәлем жазбай?

Еріксіз еске түсед енбектерін,

Еңкейіп отырғанда қабак жазбай.

Ден саулық – үлкен байлық, болсақ аман.

Халықка бейбітшілік болсын заман.

Сыйласып өткізелік бұл өмірді,

Атанбай аттанғанда «жаман адам».

Адамға әркім құмар аты шыққан,

Өзінді көруге әуес жұрт сондыктан.

Тен басып үзенгіні, ақсақал бол,

Ұқсамай жez бен мысқа таты шыққан.

Сағынып біз де жүрміз келеді деп,

Келіп сәлем шалына береді деп.

Сондағы айтқан өлең әлі есімде,
Қыдырып біздің үйді көреді деп.

Арнайы шақырғаным кеп кетіндер!

Сыбага бұйырғанын жеп кетіндер.

Көркемжан армияға кетіп қалды,

Бір ақыл Насиқаға деп кетіндер.

Насиқа екеуміз де қашықтадық,

Көжедей күбідегі ашып қалдық.

Көнілді құры өрге айдағанмен,

Кездіктей жанымаған жасып қалды...

Шұлықтың түркістандың шының

Теменің көзінен шының

Всеволод РОЖДЕСТВЕНСКИЙ

У ОЗЕРА БАЛХАШ

Памяти Сабита Муканова

Куралыңыз жарыт, жуңиңиңиң

Кошмою разостлана Бет-Пак-Дала,

И нет ни единой в ней травки овечьей.

Пустыня, сожженная солнцем дотла,

Вздымает холмов невысокие плечи.

Ақын ағылшындың деңгээл

Остались вдали Ала-Тау хребты,

Повис самолет в вечеряющей сини,

И вот уже смутно горит с высоты

Балхаш – изумруд на запястье пустыни.

Если идти купаться в пыльном море,

Сюда даже горы дойти не могли,

От века с песками солеными в ссоре.

Одна лишь серебряной ниткой Или

Ползет, извиваясь, в зеленом море.

Жел, кадын же, інің күннен дағы,

Расстаться с трясиной она не спешит,

Шурша камышами в разливах низинных.

Твой здесь охотились предки, Сабит,

И тратили стрелы колчанов старинных.

Сказал ты, что в зарослях, джунглем сродни,
Стонали тогда комариные орды.
И тигры, бесшумно ступая в тени,
Купали в затонах усатые морды.

Что тайных гнездовий там было не счастье,
А пойма от всплесков сазаных кипела.
И гуси летели – крылатая весть
О том, что к предгорьям весна подоспела.

Я помню беседы под звездным шатром,
Где месяц обтачивал облака грани,
Тянуло с востока сухим чабрецом
И терпкой полынью забытых преданий.

Когда бы опять эти звезды зажглись
И сели бы мы у костра, как бывало,
Чтоб вновь веселил наше сердце кумыс
И, словно кузнецик, домбра стрекотала!

Но нет ни тебя, ни скитальческих дней,
А степи накрыла туманная Осень...
Вот только стал запах полыни сильней,
И ветер его издалека доносит.

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ

Қазақ деген қатар тұрып ұлы атпен,
Еліне тән ұшқыр, қайсар қуатпен,
Сәбен бүгін ең биіктен қарайды,
Күндей көркем құлімдеген шуақпен.

Оянбаган, ұйықтал жатқан бала едім,
Мен естідім көкті кезген әдемі үн.
Ол әдемі үн Сұлушаштың даусы екен
Көкірегіме соны сақтап келемін.

Ботакөзді ізdedім мен өмірден,
Ботакөз деп талай қызға телміргем.
Ел басқарып сөз сейлейді мінбеден
Сұлушаштар, Ботакөздер мен білген.

Сол сұлулар Сәбен жанын күлдірсін,
Мейлі, мейлі бөбек болсын бұлдіршін.
Адам досы ұлы жүрек жазушы,
Қартаймайтын шығар бәлкім кім білсін.

Сондықтан да көрген сэтте Сәбенді
Қайтқанында саяхаттап сан елді.
Жан жоқ дейміз білмейтуғын қазакты
Қазақ жүріп өтті дейміз әлемді.

Қарапайым ол елінің солдаты,
Шыңға шыққан, болдырмаған жолда аты.
Сәбитімен казақ халқы бақытты,
Сұлу шығар Сәбитімен Алматы.

Нұрбек СЕЙІЛХАН

СӘБИТ АҒА

Ескенде түнек елге таң самалы,
Жеткенде көптен күткен аңсағаны.
Бұлбұлдай таң алдында Сәбит ағай,
“Жаңа өмір, жаңа өмір” деп жар салады.

Жатқанда “Сұлушаштай” жыр бұлағын,
Сырқырап сай сүйегім қынжыламын.
Бейнесін ескі өмірдің осыдан көр,
Жаңа өмір жайрандатқан құрбыларым.

Дастандар туды, міне, сан алуан,
Сәбеннің мұқалмаған қаламынан.

Бұғін ол елімдегі бір бәйтерек,
Көгеріп жеміс берген сабагынан.

Тек өзі қара нар боп арқалады,
Қазақтың қырық жылын арқадагы.
Жастар гүл сол себептен ұсынады,
Елімнің ерекше атап барша адамы.

Күттыхтап өлеңіммен гүл берейін,
Газетке Сәбене арнап жыр берейін.
Қаламы кәрілікпен мұқалмасын,
Жамбылдай жорғаласын жүзге дейін.

1960 ж.

Балғожа ЖҰМАҒҰЛОВ

АЛПЫСТАҒЫ АТАМА

Кез болған жастай тағдыр мазағына,
Көрмеген мойып оның азабына.
Жетімдік тақсыретін тартып өскен,
Қарашы бүгін қырдың қазағына.

Өмірден бір минут те қалыспаған,
Өнермен қиялаган, қарыштаған.
Жылтықтан жырларымен адам жанын,
Ежелден осы бейне таныс маған.

Халқына тартуы көп, көп істері,
Есепсіз өнбегінің жемістері.
Әкеткен оқырманың еліктіріп,
Жырлары, романы, повестері.

Мазасыз ой-қиялды шарықтаған,
Жырлауга өмір сырын жалықпаған.
Уа, ата, кім таласар өнерінে,
Сөзіңе кім бар сенің қанықпаған.

Әлемді орап алып сыр тағы да,
Гүлдерін қарай қалды қыр тағына.
Тойында куаныштан ұрпағының,
Оралды жүргегіне жыр тағы да.

Алпысқа ардақтаймын келген, ата,
Қаламың қалай жүйрік желген, ата!
Жаза бер, өмір сырын өрнектей бер,
Айтартым мәнгі жаса елмен, ата!

1960 ж.

Еркеш ИБРАЇМ

ПОЭЗИЯ МАРШАЛЫНЫҢ БІРІСІН

Күнде бізді сағындырған дауысың,
Жыр бұлтытың күнде жауған жауынсың.
Өмірің бар ертегідей таусылмас
Сәбит аға, бейне Кекшетауымсың.

Жаның жалын, жаудыраган көктемсің,
Талай күрес, айқастардан өткенсің.
Кекірегің күлімдеген мың бұлак,
Сәбит аға, бейне менің Кекшемсің.

Жігерің бір бөгеу бермес ағындаі,
Ақ көнілің – жайма шуақ жазымдай.
Ақ пейілің – шалқып жатқан даламдай,
Күйі бүлбүл домбыраның сазындаі.
Ақ жүргегің мөлдіреген күлімдей,
Сергек ойың – таңың самал желіндей.
Өзіңе ұқсан Ботакөзің, Бәтесің
Таң атқанша сыр шертеді көз ілмей.

Келем тындалап сәбиімнен сол үнді,
Келем шарлап солар өскен даламды.
Келем жүзіп мөлдіріне ойынның
Мадақтаған, ардақтаған адамды.

Сексен көлдің толқынына үңілсем
Сексен тілде күбірлейсің бүгін сен.
Жете алмаймын балағымды түрінсем,
Жете алмаймын жалаң аяқ жүгірсем.

Өлең жырдың бізге ашқан какпасын
Сонау белде желкілдейді ақ шашың.
Тілегім сол тағы алпыс жыл өткенше
Тарта көрме, тарта көрме ат басын.

Бағбан болып өлең сөзден гүл ектің,
Фасыр сырын көкірегіңе түнеттің.
Балбыратып нәзік жырын жүректің
Талай жасты балапандай түледтің.

Өлең сөздің өткелінен өтерде
Суреттеуге өзінді тіл жетер ме.
Алатаудай салмагынан жанышылып
Тынық мұхит тебіренбеді бекерге.

Әдебиет әлемінің шынысын,
Өз елінің шежіресі, жырысын.
Талай-талай майдандарда шындалған
Поэзия маршалының бірісін.

1961 ж.
ҰЙҒЫН
ОЛЕННІҢ ҚӨГІНДЕГІ ҚЫРАНДАЙСЫН

Жырларын замананың айғағындей,
Жүргегін маҳаббаттың қайнарындей,
Ойларын даналардың ойларындей,
Сөздерің өткір алмас айбарындей.

Еліне дүррі гауһар жыр арнаисын,
Өлеңнің қөгіндең қырандайсын,
Мойымай болат топшың шығандайсын,

Северо-Казахстанская областная библиотека

2 № 29 С. МУҚАНОВА

Бұл жолың – құтты сапар, нұрлы сапар.
Бұл жолда есте сені кім мұқатар,
Еліңнің көңілі саған гүлді баһар,
Томдарың сол көңілмен тұрды қатар.

Халқымыз құшақ жайып тұрар саған,
Ал бізден қалауынды шын аңсаған,
Тілесен, айды алқағып таға салам,
Емеспін дос дегенде сірә сараң.

Сөз бе екен алпыс деген ер кісіге,
Өзіндей жаны жомарт кең кісіге,
Жүзге жет, жігерімен сен күшіне!
Бұл жырды сол тілектін белгісі де.

1962 ж.

Куанышбек МАЛИКОВ

AFAFA

Сыр емес бұл мен тапқан бүгін ғана,
Сізге айттар бір сезім бар, Сәбит аға.
Асуын алпыс жастың асар кезде
Жақсы сөз, жастық құрмет – бізден баға.

Сен – қазақ, мен – кыргызын, тубім – туған,
Бақытты бірге алғанбыз қызыл тудан.
Тан һүры көктен жанған Октябрьде
Алатай, Сарыарқаны нұрмен жуған!

Жетіліп Октябрьде жайдың қанат,
Карманып қан қайданда аштың сабат.
Қолымен большевиктің жауға аттанды
Сендері батыр мінез, балуан талант!

Тап үшін бала күннен кештін майдан,
Сөзінмен қара қазақ қайраттанған!
Адамға шындықты айту өзі бақыт
Саған ұқсан халыққа еңбек қылған!

Жасынан жақсыға әуес қанында бар,
Айнымас әділеттік жанында бар!
Заманның “Ботакөзін” өзің жаздың
Жас қазақ әр сөзінен тағым алар!

Сапарлап алпыс аттап алыс бастың,
Арқанмен халық жүгін арқаластың.
Ұлы іске жас пен кәрі жұмылғанда
Сәке, сен арасында болдың жастың.

Көнілің атаң қазақ көніліндей,
Өмірің шахтерлердің өміріндей.
Ұлымын мен де өзіндей бір кедейдің
Сондықтан тұра алмаймын сені сүймей.

Басқан жол қалың қазақ сенің жолың,
Халқыңа жеміс берген ақыл-ойың.
Тұысқан ел мен жұрттан сәлем айтам
Болғанда 60 жылдық бүгін тойың.

Жаңабай САПАРОВ

ҚАРАҚАЛПАҚ СӘЛЕМІ

О, жырдың Алатауы – ақын аға,
Дос, бауыр, әкеміздей жақын аға.
Қарақалпак көгінің жұлдызындей
Өлкемде жарқырайды атың аға.
“Құтты болсын!” – осы жырым саған,
Тебіренбей қалай жатар туыс қадам?!
Сыйлар ед құшағыңа шок-шоғымен
Қарақалпак өлкесі гүлін саған!
Өзіңсің өлеңдегі батыр анық
Жырларың жан жайлауын жатыр алып.
Тойыңа мол шашуын төгетіндей
Эму де барады, эне, шалқып ағып.
Мәңгілік жырларыңды бақшам етем!

Күрдас бол жалын жұзді жастарға сен.
Халқының пейіліндегі жырға жомарт
Алпысқа алпыс, сірә, жас па екен?!

1962 ж.
Кенен ӘЗІРБАЕВ

ІНІМЕ!
Жылқусы әдебиеттің, ардақты інім,
Өнерге үлес қосқан саңлақты інім,
Халықшыл қарапайым, кіші пейіл
Жарқын жұз, бала мінез, шын жаксы інім.

Сайраған Ұлы Отанға бұлбұл болдын,
Атақты бәйге алған дүлдүл болдын.
Қазақтың қайраткері қаламың бал,
Алпысқа адап жолмен биыл толдын.

Ол күнде торсық едің, саба болдың,
Шапанның етегі едің, жаға болдың.
Еңбегің елге сінген ер атанып,
Үлкенге іні, жастарға аға болдын.

Партия сом болатпен тағалады,
Ел-жүртүң қасиетпен бағалады.
Атағың жер шарына мәлім болып
Үл-қыздар үлгі үйреніп ағалады.

1962 ж.

Габдіман ИГЕНСАРТОВ

ӨМІР АКАДЕМИГІ
Ол кезде өгей дүние жан десін бе,
Бір жетім жатты түнде жар шетінде.
Тал сондай өз басымнан өткен шақтар
Менің де әлі күнге қалды есімде.

Кешірген қисығын да, шәлкесін де,
Ананың көрген жоқ ол әлпешін де.
Оранып ку жоқтықтың құндағына
Тап болды шыр еткеннен тар кешуге.

Түскенше күнде байдың тепкісіне,
Келеді – ол өзін жоқ еткісі де.
Эп-сэтте сәби ойы айнып одан
Келеді көз көрмеске кеткісі де.
“Ағайын” дейтіндерден шегіп жапа
Дариға, сол жетімнің жаны қапа.
Толқиды тағы, міне, өйтеп болса,
Шіркін-ай, құніренбей ме қайран апа?
Ойлап ол абзал туыс Ұлтуғанды,
Жас қуат жалын атып, күш бүрқанды.
Кіжініп әлдекімге іштен сыбап
Кеудеде ызалы кек дүбір салды.
Жетімді сыртқа теуіп өгей заман,
Тағдырдың езгісінде өксіді жан.
Сонда да жас үмітін етіп талшық
Жүргенде таяп қалды жұрт күткен тан.
О, шіркін, нелер ауыр күндер етті,
Жылдарда аласапыран ол ержетті.
Алыстан азаттықтың естіп үнін
Жанына Ленин атын медет етті.
Жеткенде нұрын төгіп сол күткен тан,
“Бастауға бас қойғандай шөлдеген жан”.
Өзінің қатарынан оза тартып
Ой салды сан жалшиға Сәбит аған.
Бөгуін ағытқандай тасып жас күш,
Ол тартты, өрлеп биік өмір басқыш,
Сайысқа түсті “кедей ақыны” бол.

“Бауырымдал” күніренгенде кейбір қақпыш.
Кезенген жауынгерлік кару қолда,
Ол шықты әнтек қыыс ұстап солға.
“Әттен” – деп, азу басқан таптық кегі
Жасынан сонша мығым еді онда.

Туғанда келелі сөз – қызып егес,
Ол, сірә, жарты сейлел көрген емес.
Бұлтақсыз мойындайтын мұлт кеткенін,
Шақырып секретарь берсе кенес.

Жарамсақ жан емеспін тегінде мен,
Сәкене ерте күннен еліктегем.
Қақпақыл болмау үшін қалжыңқойға,
Дәлелден бұл сөзімді берем немен?..

Ен алғаш оқығанда “Сұлушашты”
Сенгірге ауып мұлде ықыласым.
Ойлаушы ем “аккан жастың сорасы” деп
Көргенде айғыз бетті сұрғылт тысын.

Жүргенде жаздың сейіл-серуенінде,
“Шайтанды көлге” бірде келгенімде.
Алысқан жолбарыспен Алтай құсан
Балаша бұтқақ “қанжар” сермедім де...

“Бұзар деп тұнығымды жер тайпагы,
(Қасқаның колын бұлғап өр қайқаңы,)
Нөсерлі бұлтпен сырлас болу үшін
Кеткен бе шыңға шығып көл шайтаны.
Атағы аңыз болған осы қолді,
Сәкендей сан сұнғыла айттар тағы”.

Деп жазғам, куәм бүгін сол өлеңім,
Шыным бұл, куған емен сөз желеуін.
Сінлісін жырлаймын деп – “Сұлушаштың”
Көнілдің мінгем талай көк дөненін.

СҮҢҒЫЛА

Книга жазылғаса қанамы асаның –
Ол ақын. Кейінгі ұрпақ сан мұрасын –
Оқыр да, табар талай жан сырласын.
Алтайды аяп кетіп Париж қызы
Егіле төгіпті ғой көздің жасын.

Дор елім – ең ізбіліңінің жаңы
Осындай нелер сұлу берген дастан,
Сүңғыла “Ақ аюдын” сырын ашқан.
Ол шебер – кара сөзден жібек өрген,
Ол көшіл, көппен бірге бала жастан.

Ол көпке жанмен жақын
Байқап көргем –
Білгісіп болып-толған емес керден.
Халқының мұрасына, тарихына –
Ол жетік, асыл тасын түгел терген.

Егерде кетсе бойлап баяғыға
Алдына тарих бетін жаяды да.
Қатық қып ұйытады көкейінде
Өзін де қосып сөздің аяғына.

Талдайтын шытырманың сонын ұға,
Шежіре бүгінгіге, бұрынғыға.
Боласың жерді сен де суарғандай,
Ол айтса сонау қалған шығырды да.

Ол ғалым. Сөз бастаса шақпақ тастан,
Соны кеп атомыңа тоқайласқан.
Арнаға, әлеуметтік академик
Сол жолда басын әспақ қырау басқан.

Емес ол шар тартқан бір күйкі шалын,
Әлі де жас уытты, жаны жалын.
Алдыңғы сапта болып қырық жылдай,
Алпысқа толды биыл осы ғалым.

1962 ж.

“Бауыр ОРМАНОВ

Көзөттегі жыныстарлар көрүнүштөрдөн

АҚЫН АҒА, СӘБИТКЕ!

Алдыңғының жөні деп,
Арнады хат інініңіз.

Тұган Жүргінің лебі деп иесі,
Жазған сөзін біліңіз.

Бар өмірін бағыштар, О
Ол өнерін төгуге.

Жаралып қарыштап, О
Намыстанып желуге.

Талап тасып, күш артар, О
Жан сүйсінген зейнетпен.

Сізді әлі де жасартар, О
Еңбегіңіз елге еткен.

Ойла Халқыңыз да болысып, Елде
Көрді, Сәке, бабыңыз.

Ақыл, қайрат толысып, О
Тас түйілген шағыңыз.

Тайыр ЖАРОКОВ Т
Алтыншыңыздың түрліліктерінде
Тайыр ЖАРОКОВ

Қашан да кеудесінен өлең тасқан
Ақын бұл маған таныс бала жастан.

Қаламын – наиза, сөзін – етіп бомба,
Дауылда жауға қарсы араласқан!

Тонының жортуылда шаңын сілкіп,
Жолдарға кедір-бұдыр қарамастан,

Болғанша қара шашын қырау шалып,
Асылын аймағына аямастан –